

Көкейдегіні жеткізер «КӨЗҚАРАС»



Екібастұз қалалық телеарнасы соңғы кезде көрермендерін жаңа бағдарламалармен, тұщымды ой айтылар хабарлармен қуантуда. Телеарнаның «Құрмет» (Роза Әлиакпарованың авторлық бағдарламасы), «Дара тұлға» (Әсел Сүлейменованың авторлық бағдарламасы) хабарлары көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Қоғамдағы, әсіресе біздің қаламыздағы өзекті мәселелерді сөз етіп, проблемаларды шешуде өзіндік жол іздейтін «Көзқарас» та өз көрермендерін тапқан. Хабардың авторы Ардақ Калимхан - Екібастұзға танымал журналист. Көктем мерекесінің қарсаңында біз Ардаққа жолығып, сұхбаттасқан едік.

- Ардақ, «Көзқарас» сенің алғашқы авторлық бағдарламаң ба?

- Жоқ. Телеарнада жұмыс істегеніме жеті жылдай болды. Осы жылдар ішінде бірталай жобаларды жасадық қой, әрине. Арнамызда көбіне басты назар жаңалықтар қызметіне аударылатындықтан, біздің шығармашылық топ та сол бағытта көбірек жұмыс істейді. Шығармашыл адам әрдайым ізденіс үстінде болуы қажет қой. Тек ағымдағы жаңалықтар сюжеттерін жасаумен шектелсек, ізденгеніміз қайсы? Авторлық жобаларды ойластырып, оларды іс жүзіне асыру оңай емес. Екібастұздың жарты ғасырлық мерейтойы қарсаңында қаламыздың дамуына үлес қосқан азаматтар жайлы дайындалған «Екібастұз -

менің тағдырым», дін, имандылықты насихаттайтын «Ауызашар» хабары менің авторлық төл туындыларым деп санауға болады. «Ауызашар» хабары көбіне мұсылман діни мерекелері кезінде жарыққа шығады.

«Көзқарас» хабарының тарихына тоқтала кетейін. Осыдан екі-үш жыл бұрын телеарна басшылығы ток-шоу формасында өтетін бір хабар ұйымдастырындар деп тапсырма берді. Орыс редакциясы бірден «Точка зрения» деп алып, қоғамда талас тудырып жүрген мәселелерді тақырып етіп көтерді. Біз арнамызда бір кездері жұмыс істеген Ермек Қойбағаров екеуіміз ток-шоудың қазақша нұсқасын «Көзқарас» деп атадық. Техникалық мүмкіндіктерге қарай, орыс тіліндегі хабар жиірек экранға

шығып жүрді. Оны Денис Алгазин мен бүгінде «Екибастузское обозрение» газетінде еңбек ететін Наталья Илюхина жүргізді. Өткен жылдан бастап «Көзқарас» екі аптада бір жарыққа шығып жүр. Тақырып таңдау да күрделі мәселе. Оны таңдап, проблемалық тұстарын айқын көрсету үшін хабарға шақырылатын қонақтарды іздеу де біршама уақыт алады. Мәселен, жақында көрсетілген хабарда «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту үшін не істеу қажет?» деген тақырыпты талдадық. Оған тіл жанашырлары Амангелді Қаңтарбаев, Жұмағали Қоғабаев, қала әкімдігінің мәдениет және тілдерлі дамыту бөлімінің маманы Анаргүл Дүйсенова, прокуратура өкілі қатысты. Ана тіліміздің тағдырына алаңдаушылық білдіріп,

оның мәртебесін көтеруге зор үлес қосып жүрген Амангелді ағамыз көкейінде жүрген көп ойларымен бөлісті. Амангелді ағаның өткір айтқан пікірлеріне өзгелері жауап таба алмай тосылған кездері де болды. Өткір пікірлер, орынды сын «Көзқарастың» шырайын келтіреді деп білемін. Шынын айту керек, хабарымызға келіп, өз ойларын ашық айтатындар аз. Бұл пікірталас бағдарламасын дайындауда кездесетін бір қиындық.

- Ал екіншісі...

- Екіншісі... Өзекті тақырыптарды қозғағанда, біз оның жан-жақты ашылуын мақсат етеміз. Сол үшін де қонақтарымыздың аталмыш проблемамен жақсы таныс екендігі маңызды. Әрине, шақырылатын қонақтарымыз көтерілген проблемалық мәселе жайлы көп білгенімен, мемлекеттік тілге шорқақ болғандықтан, ашылып сөйлей алмай жатады. Менің таңғалатыным, мемлекеттік тілді жетік меңгермегендердің көбі - мемлекеттік қызметшілер. Олар үшін студияда отырып өзіміз ұяламыз. Осы себептерден кейде хабарымыз да көңілдегідей шықпай жатады.

- Ардақ, толғауы тоқсан туған тіліміздің тағдыры ұлтжанды қазақ үшін маңызды мәселе. Сіздердің арналарыңызда тіл саясаты қалай жүзеге асуда, жалпы мемлекеттік тілге қаншалықты көңіл бөлінеді?

- Расын айтсақ, соңғы бес жылда телеарнамызда бірталай жақсы өзгерістер болды. Басшылық та қазақ тіліндегі хабарлардың көп болуына, сапалы шығуына жағдай туғызуда. Алдағы уақытта телеарнамыздың техникалық мүмкіндіктері де жақсарады деп күтілуде.

- Екібастұздықтарға ұлттық нақыштағы тың хабарлар ұсынатын боларсыздар.

- Ойда жүрген жақсы-жақсы жобаларымыз баршылық. Бұйыртыса іске асыра жатармыз. Оны кезінде көрсек қайтеді...

- Сені жұрт тек тележурналист ретінде ғана емес, айтыскер ақын ретінде де танып үлгерген-тін. Соңғы кезде айтыс сахнасынан көрінбей кетуіңе не себеп?

- Басты себеп жанұялы болуымда. Отау тігін, жеке үй болған соң, мен үшін отбасы алдыңғы орынға шықты десем болады. Жұмыстан бос уақытымды үйде өткізгенді қалаймын. Екі қызым - Дильназ бен Гүлназ ата-енемнің көз қуаныштары. Енем екеуін бағып қағып отыр. Жолдасым екеуіміздің алаңдамай жұмыс істеуімізге үлкендер барлық жағдайды туғызуда. Ал айтыс - қасиетті өнер. Суырып салма ақын әрдайым бабында жүруі тиіс. Біраз уақыт айтыстан қол үзіп қалғаным рас. Құдайдың берген несібесі - суырып салмалық өнерімді тастамақ емеспін. Кейде айтыс көріп отырып, көңілім толмай жатқанда, мен болсам былай дер едім дегендей шумақтарды ағытамын-ай кеп. Ондай да айтыс десе делебесі қозатын енем: «Сен айтысқа шық. Балаларға алаңдама», - деп жағады. Сол кісіге ризамын. Енелердің барлығы осындай болса екен. Бұйыртыса, айтыс сахнасына қайта шығып, бап пен бақты сынасам деген ойым бар.

- Өңгімеңе рахмет. Ойға алған істеріңнің орындалуына тілектеспіз. Көктем қуанышқа толы болсын!

Айнұр Мейрамова